

**«ЖАН» АРХЕТИПІНІҢ ҚАЗАҚ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
ҚОРЫНДАҒЫ ВЕРБАЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(теолингвистикалық аспект)**

СҮЙЕРҚҰЛ БОТАГӨЗ МЫРЗАБАЙҚЫЗЫ

akbotakoz@mail.ru

ф.ғ.д., А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, Алматы қаласы

ПІРМАНОВА КҮНСҰЛУ ҚАМБАРБЕКҚЫЗЫ

Kunsulu.Pirmanova@mail.ru

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы»
кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру
бағдарламаларының 1 курс магистранты, Алматы қаласы

Тірек сөздер: архетип, жан, символ, теолингвистика, тілдік бірліктер

Түйіндеме

Жан – тіршіліктің бастауы, көзі, символы. Материалдық элем құбылыстарына қарсы, барша адамзат танымында өте маңызды рөл атқаратын негізгі элемент. Осымен байланысты мақала «жан» архетипінің вербалдану ерекшелігін зерттеуге арналған. Авторлар «жан» компоненті қатысқан тұрақты тіл бірліктерін теолингвистика тұрғысынан қарастырған.

Сүйерқұл Б.М. – д.ф.н., главный научный сотрудник

Института языкознания им. А.Байтұрсынова,
город Алматы, akbotakoz@mail.ru

Пірманова К.К. – магистрант 1 курса специальности 6M021300 – Лингвистика

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Факультет филологии и мировых языков
город Алматы, Kunsulu.Pirmanova@mail.ru

Ключевые слова: архетип, душа, символ, теолингвистика, языковые единицы

Резюме

Душа – источник происхождения и символ жизни. Это фундаментальный элемент, который играет важнейшую роль в познании человека, в отличие от феноменов материального мира. В связи с этим статья посвящена изучению особенностей вербализации архетипа «душа». Авторами рассмотрены устойчивые языковые единицы с компонентом «жан» с точки зрения теолингвистики.

Suiyerkul B.M. - Doctor of Philology, Chief science researcher

A.Baitursynov Institute of Linguistics, akbotakoz@mail.ru

Pirmanova K.K – Master's student of 1 course of specialty 6M021300 - Linguistics

Kazakh National University named after al-Farabi
Faculty of philology and world languages
city Almaty, Kunsulu.Pirmanova@mail.ru

Keywords: archetype, soul, symbol, theolinguistics, language units

Abstract

Soul – source of origin and symbol of life. This is a fundamental element, which plays an important role in human cognition, unlike the phenomena of the material world. In this regard, the article is devoted to the study of the features of verbalization of the archetype "Soul". The authors consider stable linguistic units with the component "Zhan" from the point of view of theolinguistics.

«Жан» архетипі кез келген ұлттың дүниетанымында негізгі рөл атқаратыны белгілі. Себебі, жан – адам тінін құрайтын үш негіздің бірі, тіршілігінің символы. Адам өміріндегі көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін, түрлі сезім мүшелері арқылы сезіп білетін өте күрделі әрі дерексіз ұғым. Қазақ халқы үшін «жан» ұғымының қанша қадірлі, маңызды екенін күнделікті өмірінде қолданатын сөздік қорынан көруімізге болады. Осы ұғымды танытуда оны толықтырып тұратын, мазмұнын байытушы тұрақты сөз тіркестерінен, қиссалардан, өмірдің кілті бола алатын тәлім-тәрбиесі мол оқиғалардан, күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде айтып жүрген сөздерімізден көптеп кездестіреміз.

Жан – әр адамның маңызды әрі өмір тәжірибесі арқылы танып-білетін түсінігі. «Жан» образы адам санасында анасы, бауырлары, достары, сүйген адамы, жүрек, дерт, қиналу, ішкі әлем, бақилық болған адам, бар күшін, бар дәрменін салу образдарымен ассоциация жасауы мүмкін. Жан – жақын адамдар, ішкі тебіреніс, күйзеліс, керемет тебіренерлік сезіммен, халықпен, қоғаммен, тіл байлығымен, мәдениетпен, тұрмыспен, салт-дәстүрмен ерекшеленетін, ешнәрсеге айырбастауға келмейтін, қолданылу аясы аса кең сөз. *Жан* сөзінің қолданысын тікелей адам өмірімен байланыстыра қарастырып көрейік, адамның ана құрсағында пайда болып, біртіндеп дамып, алғаш қимылдаған сәтін **жан бітті, жан бітірді** десек, кейінгі, Алланың берген ғұмыры жанның адам денесінен шығып, **жан тапсырып, жан тәсілім** еткенге дейінгі кезеңі дәл осы сөзбен етене байланыста өрбиді. Олар адам өміріндегі түрлі оқиғалар, қуаныш-күйінішпен қатар қай кезеңді алсақ та тілдік бірліктерімізден айқын көрініс тауып отырған. Мәселен, **жан азабы** деп қатты қиналысты, жанға батқан дерттің күйзелісін айтсақ, бұдан күрделірек **жан азабын тартты** деген тіркес *дертті болды, қатты қиналды* мағынасын білдіреді. Кейін Дариға сырқаттанып қалған мезгілдерінде Қасым қатты **жан азабын тартқандай** қалыпты жазу, творчестволық жұмысынан тоқталушы еді (Е. Ысмайылов, Сын.) [1] деген сынды мысалдармен «жан» сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөзінде былай берілген:

Жан зат діни 1. Жан-жануарларға тіршілікке берілетін рух. Құран сөзі миына сіңген қарттар адамның жанын періште келіп алады, – дейді (М.Тоқжігітов, Құран туралы.). 2. Жүректен бойға тараған қан, жүрек соғысы. Малда да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса (Абай). 3. Адамның психологиялық ой-санасы, рухани қасиеті. Жаным алқымға келмегенше, ескілікті қолдап келдім. 4. Қадір-қасиет тұту ретінде айтылатын сөз. Жалғанда жаны тәтті жалғыз біз бе? (Ғ. Малдыбаев, Желдірме) [1].

Адам баласы өзінің жан-дүниесін Алла Тағала *жан бітірген* кезіндегідей таза ұстаса, көпшілік ортасында ол адам **ғазиз жан, асыл жан, ардақты жан, қадірлі жан** деген қастерлі атқа ие болады. Ал бұл өмірдің, дүниенің қарама-қайшылықтардан тұратыны аян. Бес саусақ бірдей болмағандай, адам жаны да әртүрлі болады. Айтып отырғанмыз, жан-дүниемізде қалыптасқан әдеттерге байланысты тілдік бірліктер. Оларға: **жаны ашымағыр, жаны ауырмайды, өзінің жанын ойлап /күтіп/ қалған, жанына батпайды, жаны тоймайды, жаны қара, жаны шыққыр** деп адамның жағымсыз, жаман әдеттерін сипаттау мақсатында қолданылған тіркестерді жатқызамыз. Сондай-ақ дене мүшелеріміздің іс-әрекеті жан-дүниемізбен тікелей байланысты. Болмысымызда жақсы әдеттер орын алса, қылықтарымыз жақсарады, діни танымдық әдебиетте бұлар **көркем ахлақ** деп аталады. Ал егер болмысымызда жаман әдеттер орнықса, қылықтарымыз да жаман болады. Оны жаман әдет немесе **жаман ахлақ** деп атайды. Іс-әрекеттеріміздің жақсы, парасатты болуы үшін жан-дүниемізді жаман мінез-құлықтардан тазарта отырып, өзімізді жақсы мінез-құлықтарға баулуымыз керек. Себебі, топыраққа еккен тұқымға қарай өнім аламыз. Бидай тұқымынан

бидай өсіп шығатыны сияқты, арпаның дәнінен де арпа өсіп шығады. Демек, топыраққа қандай дән ексең, соған қарай өнім өсіп шығады. Осы сияқты жан-дүниеміздің түкпіріне жақсы мінез-құлықтардың тұқымын сепсек, бұл тұқым да денемізде, ағзаларымызда жақсы іс-әрекеттерді іске асырады. Ал егер жаман мінез-құлықтардың тұқымын сепсек, дене мүшелерімізді жаман іс-әрекеттерге итермелейді. Осы әдеттер мен жақсы/жаман мінезді қалыптастырушы орта адамның араласатын ортасы және баршамызға белгілі **жанұя**. Жанұя сөзінің де түп тамыры *жан* сөзінен бастау алады.

Адам – жан мен тән және ақылдан /рухтан/ тұратын біртұтас болмыс. Адамның тәні топырақтан, жаны Тәңір әлемінен берілгендіктен, тән топыраққа, жан рухани әлемге, өз негіздеріне оралуға құштар. Осы тұста қазіргі кезде суицид (өзіне-өзі қол жұмсау, өз жанын өзі алу) үлкен дертке айналып кеткені аян. Исламда адам өмірі, оның құқығы қасиетті. Адамның жаны – Алланың оған берген аманаты. Адамның жанын алуға Алладан басқа ешкімнің құқы жоқ: «Өлтірілуіне Алла тыйым салған кісіні нақақтан өлтірмеңдер...» (Әнғам: 151). Ал егер осындай оқиға орын алған жағдайда адамның **жаназасы** шығарылмайтыны баршаға мәлім. Адамдардың дәл осындай әрекеттерге баруына не себеп? Білімдерінің таяздығы ма? Әлде өзге ме? Осыған байланысты мынадай жайтты ескере кеткеніміз жөн.

Жаназа – жуылып тазаланған мәйіт үшін мұсылмандардың дәрет алып, құбыла жаққа қарап, аяқта тұрып оқыған намазы мен мәйіт үшін жасайтын дұғасы. Жаназа намазы – кифая парыз. Яғни, бір **айтақта** бірнеше мұсылман жаназа намазын оқыса жетіп жатыр. Егер оқымаса, барлығы бірге жауапкер және күнәлі. Жаназа намазының шарты – ниет. Бұл ниетте мәйіттің ер немесе әйел, ер бала немесе қыз бала екені білдіріледі. Имам Аллаһ ризалығы үшін жаназа намазын оқуға және сол мәйітке дұға етуге ниет етіп, «Аллаһу әкбар» деп тәкбір алып, намазды бастайды. Жамағат та ниет етіп, ұйиды. Мәйіт еркек болса – «*Мына ер үшін*», әйел болса – «*Мына әйел үшін*» деп ниет етеді. Балалар үшін де осы түрде ниет етеді. Жамағаттан бір адам мұны біле алмаса, имаммен бірге намаз оқуға ниет қылады [8].

Жаназа [араб] зат. 1. діни. *Мұсылмандардың қайтыс болған адамға оқитын намазы*. Ибн Хәзім: «Әйелдерді *жаназаға* жібермеуге ешбір дәлел жоқ», – десе, «ерлер жоқ жерде жаназаның міндетін атқару әйелдерге жүктеледі» дейді ғалымдар («Жас Алаш»). *Жаназа* «Ас салауат жаназа!» деп басталады (Қаз. әдет-ғұрып.). Адамның «күнәға» ұшырайтын кезі еркектер үшін 12 жастан, әйелдер үшін 9 жастан басталады. «Күнә» жасына жетіп өлген адамға оқылатын *жаназа* ол жасқа жетпей өлген адамға шығарылған жаназадан басқаша болады (Ислам энци.). 2. этн. діни. *Қайтыс болған мұсылманға оқылатын намазбен байланысты өлген адамды соңғы сапарға аттандыру рәсімі, жерлеу*. Байдалы бастаған үлкендер Бөжейдің *жаназасына*, пидиясына байлайтын мал-мүліктің әңгімесіне кірісті (М.Әуезов, Абай жолы). Жиылған *жаназаға* қанша жанды Бәрін де сый-сипатпен жөнелтті енді (Батырлар жыры). *Жаназа* қазіргі уақытта бұл қаралы отырған ауданның қазақтарының, сондай-ақ Қазақстанның басқа да өңірлерінің жерлеу-еске алу ғұрыптарында негізгі әрі өзекті маңызға ие болды (Қаз. тілі термин.) [9].

Осы жерде ажал періштесінің **жан алу** әрекетіне қатысты мына жайға тоқтала кетейік.

Егер де Алла Тағала бір пендесінің **жанын алуын** қаласа, пенденің аузына өлім періштесі келіп **жанын алмақшы** болғанда, пенденің аузынан зікір шығып, өлім періштесіне "Саған бұл жерден жол жоқ, себебі, бұл адам тіршілікте Алла Тағаланы мадақ етті" дейді. Осыны естіген өлім періштесі Алла Тағалаға барып болған жағдайды айтады, сонда Алла Тағала онда оның **жанын басқа жағынан ал** деп әмір етеді.

Содан өлім періштесі пенденің қол жағынан **жанын алмақшы** болғанда, пенденің қолынан садақа шығып: "Бұл жақтан саған жол жоқ, себебі, бұл пенде тіршілікте осы қолымен садақа қылды, жетімдердің басынан сипады және осы қолымен білім жазды" дейді. Содан өлім періштесі аяқ жағына барады, аяғы оған "Мен жақтан саған жол жоқ, себебі, бұл адам осы аяғымен аурудың көңілін сұрап барып білім алатын еді" деп жауап береді. Кейін өлім періштесі пенденің құлақ жағына барады, сонда құлақ тұрып: "Саған бұл жақтан жол жоқ, себебі, бұл пенде осы құлағымен Құран және зікір тыңдайтын еді" дейді. Сонда өлім періштесі көзіне келеді, сонда көз "Саған бұл жақтан жол жоқ, себебі, бұл пенде осы көзімен

Құран оқып, осы жүзімен ғұламалардың жүзіне қарайтын еді" дейді. Амалы таусылған өлім періштесі Раббымызға қайта келгенде, Алла Тағала оған "Менің есімімді алақаныңа жазып алып, құлымның рухына көрсет" деп бұйырады. Өлім періштесі Алланың атын алақанына жазып адамның рухына көрсеткенде рух бойұсынып, еш қиналмай адамның бойынан шығады [2].

Тағы бір хабарда:

Өлім періштесі бір адамның **жанын алып жатқанда**, яғни жаны тізе тұсына келгенде, Алла Тағала өлім періштесіне "жан алуынды тоқтат" деп әмір етіп, құлым біраз демалсын дейді. Кейін жаны кіндік тұсына келгенде Алла Тағала тағы да өлім періштесіне демалдыруын әмір етеді, осыдан кейін **жаны алқымына келген кезде**, өлім періштесіне "Жан алуынды тоқтат, енді ағазалар бір-бірімен қоштассын" дейді, сол сәтте көз бен көз, құлақ пен құлақ, қол мен қол, аяқ пен аяқ, тән мен рух бір-бірімен «Ассалаумағалейкум» деп қиямет күнніне дейін деп, қош айтысады. Осы кезде иман мен тілдің және білім мен жүректің қош айтысуынан Алла сақтасын! Себебі, бұл дүниеде иман мен тіл, білім мен жүрек қош айтысса, адам имансыз кетіп қалады. Алла сақтасын!

Бас жағынан келген шайтанға жауап бермесе, ол малғұн адамның аяқ жағынан келіп тағы да "Пайғамбарлар (с.а.у.) өтірік айтты деп айт" дейді. Кімде-кімді Алла Тағала бақытсыз қылып жаратқан болса, шайтанның сонынан еріп, бұл дүниеден имансыз кетеді.

Әбу Зәкәрияның (р.а.) ажалы таянған кезде қатты қиналғаннан есінен танып жатқанда жақын досы оған кәлимананы есіне салып талқысын оқып отырады. Осындай қатты қиналған кезінде досы "кәлимананы айт" десе, басын досынан бұрып алады. Екінші рет "кәлимананы айт" десе, тағы да басын досынан бұрып әкетеді. Үшінші мәрте тағы да "айт" дегенде Әбу Зәкәрия (р.а.) "айтпаймын" деп айқай салады. Біраз уақыт өткеннен кейін есін жиған Әбу Зәкәрия (р.а.) жанындағылардан "Сендер маған бір нәрсе айттыңдар ма?" - деп сұрайды. Сонда досы: "Иә, сізге кәлимананы айт деп едік, екі мәрте басыңызды бұрып әкетіп, үшіншісінде "айтпаймын" деп айқай салдыңыз" - дейді. Сонда Әбу Зәкәрия: "Қатты қиналып жатқанымда жаныма малғұн келіп: "Саған су керек пе?" - деді, мен: "Жоқ, керек емес" деп басымды бұрып әкеттім. Тағы да маған "Иса (ғ.с.) - Алланың ұлы деп айт" деді, мен тағы да басымды бұрып әкеттім. Үшінші мәрте келіп маған "Құдай жоқ деп айт" дегенде, мен "Жоқ айтпаймын", - деп айқай салдым, сол кезде шайтан қолындағы ыдысты жерге ұрып сындырып кетіп қалды" дейді [2]. Бұдан шығар түйін, Алла өзі берген жанды өзі алады. Уақытынан бұрын азғыруға көніп, жаным қиналдыға салып, өз жанын өзі қыршынынан қиудан аулақ болған жөн.

Нәзік жан, сұлу жан, төзімді жан тіркестері негізінен әйел затына қатысты айтылатыны араб елінде мәлім. Бұл тіркестердің түп негізі мынада жатыр. Исламға дейінгі дәуірде отбасында қыз баланың дүниеге келуі қасірет, бас көтертпес ұятты іс болып саналды. Надандық ойдың салдары сансыз нәрестенің өміріне балта шапты. Қызды тірідей көму сынды жағдайлар жалпылама етек жайды. Мінеки, қоғамда ешбір орны болмай, күнсыз зат қалпында тіршілік етіп, қатал өмірдің қиындығына көнген әйелдің мәртебесі жер әлемге Исламдай Хақ діннің жіберілуімен жоғарылады. Жапа шегушілер де, жәбір берушілер де сұралып, ақылар зая болмайтын (қайтарылатын) Қиямет күнінде жазықсыз жан тапсырғандар жауабы алынады, жауыздар жазасыз қалмайды. Бұл жайлы Құранның "Тәкуир" сүресінде былай делінген: «Тірідей көмілген қыздың қандай күнәсі үшін өлтірілгендігі – деп сұралғанда...» ("Тәкуир" сүресі, 8-аят). Исламның таралуымен осы сынды жағдайларға шектеу қойылды. Алланың жаратқан әрбір затының бұл өмірдегі өзіндік орны, қызметі бекітілді.

Алла Тағаланың көркем жаратылыстарының ішінде тәні нәзік, жаны сұлу болған жаратылыс – әйел. Оның күштілігі – оның әлсіздігінде. Әйел неғұрлым нәзік болса, оның бейнесі соғұрлым көркемдене түседі.

Әйел – ерлерге қарағанда әлсіз, мейірімді әрі сабырлы келеді. Олардың жаратылысындағы ерекшелікті Алла Елшісі с.а.с. былайша сипаттады: «Әйелдердің

еркектерден артықшылығы олардың сезімтал етіп жаратылуында. Дегенмен, Алла оларды ұялшақ қылып жаратқан» [2].

Әйел сабырының сыналатын жері – бала тәрбиесі. Бала нәрестелік шағында көп жылап, көп мазасызданады. Міне, осы сәттердегі ана жанының төзімділігін сөз етіп, жеткізу мүмкін емес. Ол түндерді ұйқысыз өткізіп, таңды көзбен атырса да, біреуге налып, біреуден көмек сұрамайды. Мұның бәрін өзінің мойнындағы “аналық” борышы деп біледі.

Алла Тағала өзі жаратқан жаратылысының ішіндегі еркек затына басқару, билік ету, ажырасу (талақ) құқын беруімен қатар, әйелге баласын бағу, олардың қарнын тойғызып, киімін бүтіндеу сияқты қамқорлық міндеттерін де жүктеді.

Ақылды, ұятты, иманды, болған әйелдер – ең көркем әйелдер. Бұл жайында Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.): «Ақылды әйелдерге үйленіңдер. Себебі, олардың ауыздары тәтті (жақсы сөйлейді), құрсақтары таза, олар аз нәрсеге қанағатшыл» – дейді.

Әуел баста Жаратушы Алла әйелдің мойнына көптеген міндеттерді жүктеді. Солардың бірегейі, әрі негізгісі – перзент сүю. Бұл жайында дініміз: «Әйел адам құрсақ көтерсе, оған Алла жолында күнімен ораза ұстап, түнімен намаз оқығанның сауабы жазылады. Ал босанар уақыты жақындап, қиналған уақытта, Алланың ешбір жаратылысы ол әйел үшін қаншалықты сый-сияпаттың әзірлегенін білмейді. Дүниеге нәресте әкеліп, көкірегіндегі сүтімен баласын емізген әрбір сәті үшін, нәрестенің әрбір емген сәті үшін де марапатталады. Өліні тірілткендей болады. Баланы емізуді доғарған уақытта, періште оның иығынан түртіп, «сый-сияпат алуды жалғастыр» дейді.

Дінін бекем, салтын берік ұстанған қазақ халқы сөз қадірін түсініп, ол туралы ойға тоқтай білген. Бір ауыз сөзбен бүтін бір руды соғыстан сақтап қалса, кейде көлденең көсілген қырсық сөз үшін қалың жұрт қабақ шытып, қарым-қатынастан қол үзген. Мінеки, осындай бабаларымыздың бірі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы жігіттің жары жайлы былай деп, ой толғаған:

Алғаның жаман жолықса:
Үйіңнің іші шаң болар,
Ісінің бәрі қам болар
Сол әлімен тұрмайды -
Киім таңдап паң болар.
Әңгіме, жанжал қоздырар,
Өзгеден өзін оздырар,
Жиынға қиер жібекті -
Тезек теріп тоздырар.

Ислам – Алла тарапынан жіберілген Рақмет діні. Оның келісімен әлем жаңарды. Ондағы жаратылыстың қадір-қасиеті белгіленіп, қызметі айқындалды. Әуелдегі надандық әрекеттерге шек қойылды. Адамдар өз міндеттерін ұғып, борыштарын өтей бастады. Бағасыз бір бұйым орнында жұмсалған “әйел” атты бейбақтың өмірдегі орны, отбасындағы дәрежесі бекітілді. Алланың Мейірімімен әйелдің үйде атқарған қарапайым қызметінің өзі ғибадат болып саналып, ниетіне қарай сауаптар жазылатындығы айтылды. Ислам әйелдің жоқ болған құқын түгелдей тіктеп берді. Оларға әлімжеттікпен зұлымдық жасап, зәбір беруден түгелдей қайтарды. Керісінше, жұмсақ қатынаста болып, жылы мәмілемен, кешірімді бола білуге шақырылды [3].

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер бекер айтылмайды, әрбіреуінің түп тамыры, шығу төркіні, оқиғасы болады. Жан сөзіне байланысты сондай тілдік бірліктерді талдайық: **жан жары, жан тәтті, жанынан артық көру**. Өзірейіл бір ер адамның жанын алуға келгенде, әлгі еркек өзінің орнына ата-анасының жанын алуын сұрайды. Өзірейіл мақұлдап ата-анасына барады. Ата-анасы келіспейді, ал әйелі өз жанын берейін дейді. Алла Тағала болған жайттан хабардар болып, әйелдің адалдығына риза болып, кейін Өзірейілге ер адам мен оның әйелінің орнына ата-анасының жанын алуға бұйырады. Бұл жерде ата-анасының келіспеуінен **жан тәтті** және әйелдің адалдығынан **жан жары, жан жарым** тіркестерінің шығуы ықтимал екендігі аңғарылады. Ал **жаным** сөзі қазіргі таңда **жанымдай**

көрем мағынасымен тікелей байланысты. Осыдан келіп «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген тілдік бірліктің мағынасы ашыла түседі.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді Абай өзінің жиырма тоғызыншы сөзінде [7]. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

Архетипті зерттеу халықтардың менталитетін, рухын, жан дүниесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Архетиптің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, мәдениет атауының мәні кең. Әсіресе, ұлттардың ерекшелігін, таным түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды *мәдени архетип* ретінде қарау қажет. Біз «жан» архетипінің адамзат танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, дүниетанымын тани аламыз. «Жан» архетипін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап, тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. «Жан» архетипі қай халыққа да қатысты. Ол, әсіресе, қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Қазақ халқы үшін «жан» архетипі «жан баурады», «жан аямас», «жан біткен», «жан даусы шықты», «жаны қас», «жанға шипа», «жанын ұрлады» және т.б. секілді модельдердің қолданысымен анықталады.

«Жан» архетипі, қай елді алсақ та, лингвомәдени тұрғыдан сол ұлттың жеке тілдік бірлігінен бастап, сол қоғамның тұтас кілті болып саналады. Жан – әрқашан жеке, менікі, өзімдікі мәнді белгілі бір ортаны түсіну. Осыдан келіп, **жан азабын тартты, жан алқынды, жан баурады, жан беттетпеді, жан біткен, жанға сая, жан дос** сынды тіркестер қалыптасқан. «Жан» сөзі сезім, адамның ішкі дүниесі, ішкі әлемімен ассоциацияланады. Ойымызды ары қарай өрбітсек, тіршілікті тірілкен, дүниеге алып келген Ана сөзінен өмірінің *мәңгі бақиға, өмірге жол тартқан, топыраққа айналған* сынды тіркестер «жан» архетипінің екі ұшы болып тұр. Жекеден жалпыға өту арқылы жеке, менікі, өзімдікі мәнді сөздер жалпылана келе, *біздікі жанды бағу ғой, біздің жанымыз, біздің жан дегенде жалғыз ұлымыз* сынды көпше мағынаға ие болады. Жекелікті де, жалпылықты да білдіретін сөздер қоғамның бірлескен, ажырамастай ғұмыр кешетінін білдіретін сияқты. Осыдан түйеріміз, «жан» ортақ бола отырып, әр адамның өз жүрегінен орын алатын жеке нәрсесі. Аталған мәселе, әсіресе, күнделікті өміріміздегі қолданыста жүрген тұрақты сөз тіркестерімізден көрініс табады. Жан – архетип болып жүрген лексикалық атауларға тән лексема. Бұл – барша адамзат танымындағы сөз. Осының ішінен «жаны жаннатта болсын», «жаны жаннатта болғай» фразеологизмін алып қарайтын болсақ, ол басқа қолданыстарға қарағанда, доминантты рөлге ие. Адам өз өмірінде болған, өзі үшін өмірінің мәні болған, қамшының сабындай қысқа ғұмырында өзі үшін және ол (бақилық болған адам) үшін маңызды рөл атқарған жандар туралы ойы мен естеліктеріне жиі оралады. Өйткені ол туып-өскен үйі, тербетілген бесігі, балалық шағы, жастық шағы өткен ортасы, өмір сүрген тұтас әлемі. Жан архетипінің тағы бір ерекшелігі – ауыспалы мағынасында көптеген өнімді әрі адам өмірінің бір бөлшегін құрайтын тұрақты тіркестер түзе алуында. Бұл қазақтың мәдени әрі діни ерекшелігін көрсететін константа. Жан мәдени әрі діни константасы қазақ тілінде де, қазақ мәдениетінде де кілт сөз ретінде дербес мәнге ие. Мәселен,

Жан дегенде жалғыз ұлы [баласы...]. Ең ардақты бір ғана деген ұғымда. Жан дегенде жалғыз ұлым бар еді. Кешегі күні сол әскердің ішінде балам кетіп өлді (Қаз. ертегі).

Жан алқынды. Демікті, тынысы тарылды; жан күйіктен азабқа түсті. Шер қозғалса жырлаймын, Жан алқынса, жылаймын, Жарылқа деп жалынбан (Б.Күлеев).

Жан аяды. Кауіпке бармады; басын алып қашты. Алғанда ит етекпен, жау жағадан, Ер ме екен жалтақтап жан аяған (Халық әндері).

Жан аямас. 1.Айнымас, кіршіксіз, қалтықсыз берілген.2. Қауіп-қатерден қайтпас, асқан, ерекше, нағыз Қызыл Сақалдың Дикті құтқарудағы жан аямас от қайратн айтқанда, Абай Баймағанбетке аң-таң болып, сүйснп қарады (М.Әуезов).

Жан баурады. Өзіне беріле еліттірді, еліктірді. Абай да осыны әуел бастан осы әшекейден, и әсіре жылтыр нақыштап қашады. Бұл көркем сөздің жан баурау күшін, бар асыл айбатын біржола меңгеріп, оны өзіне әбден сағындырған суреткердің әдісі (М.Бзарбаев).

Жан беттепеді. Бізғарымен, айбарымен кісіні бетіне қаратпады; бетін алды. Жау айбынар түсі бар, Жан беттепес күші бар (Қ.Қуанышбаев).

Жан біткен. Күллі адам атауы, күллі тіршілік атауы. Жайдары жүзін жабылмай, Жайдақтвп қашып сабылмай, Жан біткенге жалынбай, Жақсы өліпсің апыр-ай (Абай).

Жан дәрмен қылды. Барын, ақырғы күшін салды. Қорғаныста әйтеуір *жан дәрмен қылып*, жауды тежеп тұрса, шегіністе жау бұларды түп-түгел таптап өтеді (Т. Ахтанов).

Жанды ұрлады. Өлтірді, қаза болды. Өлмейін деп өлмейді өлерлік жан. Әсте өлмесін білгендей қылық қылған. Ажал келіп, бас салса, *жанды ұрласа*, өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан (Абай) [6].

Өлім-жітімге байланысты мағыналас фразеологизмдердің тілімізде сақталған тіркес түрлерінің мазмұндық жағы жалпы болғанымен, ішкі мағыналық формасындағы дифференциациялары көптеген топтарға жіктеліп кетеді.

Қазақ «өлім бар жерде қаза бар» деп ескертеді. Алланың ақ бұйрықты өлімі бар да, кенеттен қапылыста болатын қаза бар. Бір мақалдағы жалпы ұғым осындай лексика-семантикалық реңктермен екі түрлі түсінікпен беріледі. Эвфемистік тұрғыда айтылған фразеологиялық тіркестер соншама мол, әрі сипаттау әдісі де сан алуан. Ситуацияның уақытына, жағдайына қарай бөлінетін мазмұндық түрлері тұтастай фразеологизмдердің мағыналық топтарын жасауға негіз болған. Мәселен: *шала жансар, жан алқымға таяну, жаны ұстараның жүзінде, жаны пышақтың ұшында, жан тәсілімге таяну* (ситуация уақыты), *жан тәсілім қылу, жан беру, жан үзілу* (ситуация көрінісі), *жанын беру, жаны пида болу, жаны жаһаннамға кету, жанын жаһаннамға жіберу* (ситуациядағы кездейсоқтық әрекеттер) [4].

В.Н.Телия фразеологиялық бірліктердің лингвомәдени талдауының сегіз көзін ұсынады. Соның ішінде мақаламызға тікелей қатысы бар кезеңдерден мысал келтірсек. Мәдени маңызы бар түсіндірудің бір көзі - халықтық мәдениеттің салт-дәстүрлік нысандары, мысалы, құда болу, жерлеу рәсімдері т. б. наным-сенімдер, мифтер, тілектер және т.б. бұл жерде «Душа отлетает в мир иной» фразеологизмінің орны бөлек. Осыған байланысты, образдың түпнұсқалық мағынасын және мәдени маңызы бар мағынаны анықтауға бағытталған лингвомәдениетті қарастыратын этимологиялық талдаудың айырмашылығын атап өту маңызды, бұл екеуі бірдей құбылыс емес.

Әртүрлі дискурс түрінде пайда болған сөз-символдар немесе сөздер мен сөз тіркесі фразеологиялық бірліктердің мәдени-ұлттық интерпретациясының тағы бір көзі болып табылады.

Тіл «бойындағы» мәдени-ұлттық белгілер әрқашан символдың функциясын орындайтын сөздің мағынасы болып табылады: тілдік бірлік оның жекелей тілдік мағынасы бола алмайтын концептіні көрсетеді. Мәселен, «душа не на месте», «душа кровью обливается» сияқты идомаларда, «душа болит» комбинациясында метафоралық түрде қарастырылмайды, бірақ «сезім мүшесі» ретіндегі символдық мәнін сақтап қалады. Сөздің мағынасына нұқсан келтірсе, жанның метафоралық емес, бірақ символдық оқуы «сезім органы» символдық оқылымды сақтайды, ал «душа ушла в пятки» идиомасында «адам өмірінің органы» деген мағынасында қолданысқа ие [5].

«Өтірік айтса, жаны шықсын // өтірік айтсам, жаным шықсын» – мұндағы ерекшелік адамдардағы психологиялық түсініктерден көру, есту, сезу әсерлерінің кірігуінен пайда болатын жағдаяттар фразеологизмдердің жасалуына негіз болған. Ал мына мысалдарда о бастағы «жан беру» тіркесіне логикалық қатысы бар, «жанын аямау, жанын салу, жанын

беріп, жанын алып» деген тұрақты тіркестердің қалыптасуы назар аударарлық. Демек, архетип – жан беру – өлімге өзін қию, бойсұну. Кейін сол мағыналық негізден тұрақты тіркеске айналған басқа фраземалар семантикалық өріс құрды деуге болады.

Байқаймын, шет жақта өскенмен, өз тумаластары десе, *үзін жанын беретін* түрлері бар (І.Есенберлин. Қаһар. 124).

Ормантай да оларды тоқтау үшін бұрынғыдай жанын салмайды (Д.Исабеков. 2-252).

Бұл *жан алып, жан беретін* ата жаумен алысып жүргенде қыркүйек өтіп, қазан туды (Қ.Жұмаділов. Дарабоз. 283).

Мысалдардағы фразеологизмдердің ішкі мағына бірлігінен байқалатыны – **жан** сөзінің эталондық бейнелілікке телінуі, астарлануы [4].

Қорыта келгенде, «жан» архетипі әмбебап және ұлттық-мәдени мәндері бар лексема болып табылады. Рухани-адамгершілік аспектіде жан белгілі психикалық преференциялар тұжырымдамасы. Диахрониялық және синхрониялық деңгейде, психикалық трансформацияға қарамастан, «жан» сана дамуының белгілі бір кезеңінде ұлттық және мәдени преференциялар мен әлемнің диахрониялық және синхрониялық бейнелі суреттер тұжырымдамасы. «Жан» ұғымын талдау барысында біз оның тілдік бірліктерді қалыптастырудағы рөлін қарастырдық. Талдау фразеологиялық мысалдар негізінде жүргізілді. «Жан» ұғымы көбінесе басқа тұжырымдамамен жұптастырылады. «Жан» материалдық әлем құбылыстарына қарсы. Барша адамзат танымында «жан» өте маңызды рөл атқарады. Адамның ең маңызды элементі болғандықтан, оның тылсым сырларын ашуға деген қызығушылық арта түспек және әрқашан өзекті болмақ. Бұл тұрғыда тұрақты тілдік деректердің берері де мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы ред. басқ. Жанұзақов Т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
2. <http://alashainasy.kz/din-islam/olm-pershtes-adamnyin-janyin-kalay-aladyi-95293/>
3. <http://www.muftyat.kz/kz/article/2700>
4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектері. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 240 б.
5. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
6. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
7. Abai.kz
8. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010. [ISBN 9965-26-322-1](https://doi.org/10.1017/9789965263221)
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. 5-том. - Д - Ж. - 752 бет. ISBN 978-601-7293-16-1